

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б. 242-243

«CAPITAL PROJECTS LTD» ЖШС-гі БРОЙЛЕР БАЛАПАНДАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Жұбатханова Т.Ө., магистрант,
Сагинбаева М.Б., а.ш.ғ.к., аға оқытушы*

Құс шаруашылығы – Қазақстанда жоғарғы деңгейде дамып келе жатқан салалардың қатарына жатады. Адамзатты нәруызды тағаммен қамтамасыз етуде құстан алынатын жұмыртқа мен еттің маңызы ерекше. Соңғы 2012-2016 жылдың ішінде құс етін өндіру көлемі 67%, тауарлық жұмыртқа өндірісі 78%, құс саны 87% артқанын көрсетеді. Ет және жұмыртқалық құс шаруашылығының базасы республиканың 11 облысына шоғырланған, оның бесеуі саланың көшбасшылары болып саналады – Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары. Қазақстан Республикасы тұрғындарының отандық өндірістегі құс етімен қамтамасыз етілу деңгейі бүгінгі күні тұтынудың ұлттық нормаларынан төмен. Құс етін тұтыну бір адамға жылына шамамен 13,7 кг құрайды, бұл 18 кг деңгейінде тіркелген халықаралық нормалардан аз ғана төмен. Сонымен қоса, Қытай немесе АҚШ тәжірибесі тұтынуды 36-44 кг-ға дейін өсіруге болатынын көрсетеді.[1].

«Capital Projects LTD» ЖШС-гі өсірілетін кросс - Hubbard Flex-15. Бұл АҚШ-та шығарылған негізгі кросс. Hubbard Flex-15 кроссы өзінің климаттық жағдайға тез бейімделгіштігі, жылдам салмақ қосуы, азық шығымының төмен болуымен ерекшеленеді. Балапандардың өміршеңдігі – 94-96% құрайды. Бройлер балапандардың өсіп-жетілуіне азықтандыру факторының маңызы зор. Бройлер балапандар құрамында азот пен белок молынан кездесетін құнарлы азық түрлерін қажет етеді. Мұндай құнарлы заттар ең алдымен астық дәндерінде молынан кездеседі. Азықтың 3/2 бөлігін астық дәндері, ал қалған бөлігін түрлі тамақ қалдықтары мен минералды заттар құрағаны жөн. Қазіргі уақытта бройлерлер үшін мына витаминдер нормаландырылады: А, Д, Е, В тобындағы витаминдерден – тиамин, пиридоксин, пантотен және фоли қышқылдар, холин, биотин мен В12 витамині. Рационға кіретін А витаминінің немесе каротиннің мөлшерін басқа витаминдер анықтайды, витаминдерді жоғарғы өнімділікті қамтамасыз ететін ұсынылған нормаларға сәйкес рационға қосады[2]. Бройлер балапандарды азықтандыру 3 кезеңнен тұрады: старт алды, алғашқы старттық, фиништік, яғни ересек бройлерге арналған азық.

- Старт алды – 1-7 тәуліктік балапандар, алғашқы 3 күн еркін азықтандыру.

- Алғашқы старттық – 7-28 күндік бройлер балапандар, бройлер –балапандарының жылдам салмақ қосуы үшін қажет ақуызға бай азықтар. Ақуыздық азық балапандардың 1 айына дейін жылдам салмақ қосуына ықпалы зор.

- Ересек бройлерге арналған азық – 29-42 тәуліктік балапандар, құрамында 20% ақуыз құрайтын азық[3].

Hubbard F-15 бройлер балапандарын алғашқы тәуліктік мерзімнен бастап азықтарының толыққанды және балансталғаны маңызды. Алғашқы 4 тәуліктік мерзімде қайнатылған жұмыртқа, ұнтақталған жүгері, соя, сүт ұнтағы беріледі.

Балапандарға арналған азық неғұрлым әртүрлі болса, олар жақсы өсіп дамиды. Алғашқы 7 тәулікте балапандарды әрбір 2 сағат сайын, ал құрғақ азық берілгенде 3-4 сағат аралығында азықтандырамыз.

Астық дәнді азықтарын (бидай, жүгері, арпа, сұлы) ұсақ, ұнтақталған күйде, қабықсыз рационға енгіземіз. 20-25 тәуліктен бастап астық дәндерінің 15-20% қайнатылған картоппен ауыстырылады.

Шаруашылықта құрама жем құрамындағыпротеиндік азықтардың ең құндысы болып: пахта, сүт сарысуы, тазы ірімшік болып табылады. Ал, жануартектес азықтардың құнарлысы – ет және балық ұны. Ет және балық ұнын 10 күндік мерзімнен бастап 1 басқа бастапқыда – 5-9 г, кейіннен 10-15 г тәулігіне береді. Сонымен қоса, өсімдіктектес азықтардан ақуызға бай соя, күнбағыс шротын құрғақ азықтың 10-15% мөлшерінде қосады.

Алайда, осы аталған бұршақ, арпа, бидай, соя құрамында крахмалдық емес полисахаридтер(целлюлоза, геми-целлюлоза, лигнин) кездеседі, олар балапандардың ішек жолдарында жоғары ерітінді түзіп, химустың көлемі мен салмағын біршама арттырады, ол қоректік заттардың сіңірілуін кешеуілдетеді, сонымен қатар астың жеңіл қортылуына кері әсер етеді. Сол себепті біздің елімізде және шет елдер зерттеулерінде азықтардың қоректік құндылықтарын жоғарылатын ферменттік препараттарды енгізу жан-жақты зерттелуде.

Қазіргі таңда шет елдер шаруашылықтарындаNatugrain Blend G ферменттік препаратыжоғары сұранысқа ие. Natugrain Blend G ферменттік препараты – BASF неміс компаниясы шығарған, крахмалдық емес полисахаридтерді ыдыратып, тарататын белсенді, табиғи энзим. Бұл энзимді Aspergillus штамына жататын саңырауқұлақтарды ферментациялау арқылы алады. Астық дақылдары мен соя құрамына қосымша энергия ретінде пайдаланылады[4].

Natugrain Blend G ферменттік препаратын қолдана отырып, жоғары нәтиже берген тәжірибенің бірі,Курск Ұлттық Ауыл шаруашылығы академиясында өткізілген тәжірибе. Алынған қорытынды: бройлер балапандардың құрама жем құрамына 1 тоннаға 100 грамм ұнтақты қосу 42 тәуліктік балапандардың тірі салмағын - 22,2%, тәуліктік өсімін - 22,6% көтерген[5]. Осы зерттеу қорытындысынегізінде «Capital Projects LTD» ЖШС-де бройлер балапандар рационна азықтардың қоректік

құндылықтарын жоғарылатып, сіңімділігін арттыру мақсатында Natugrain Blend G ферменттік препаратын қосу қолданыла бастады.

Аталған ферменттік препаратты азыққа қосу целлюлозаның сіңімділігін 3,5%, органикалық заттарды 4,4%, шикі протеинді 2,0%, шикі майдың мөлшерін 0,2%-ға арттырып, оңтайлы нәтижесін көрсетіп жүр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Казахстан в цифрах за 2016 год, Агенство РК по статистике
2. Ысқақбаев Б. Құс шаруашылығын азықтандыру //Жаршы, № 4.-28б.
3. Төреханов А.Ә., Жазылбеков Н.Ә., Кинеев М.А. Қазақстанда мал мен құс азықтандыру және азық дайындау технологиясы. –Алматы, 2006.
4. Применение различных ферментных препаратов и ферментных премиксов для сельскохозяйственной птицы, / С. Данюс, С.Сирвидис, Р.Гружаускас и др. // Ферментные препараты, пробиотики, биологические средства силосирования. Каунас, 2006. - С. 31-32
5. Livestock Science Volume 203, September 2017, Pages 132-135, MajidGholami, AlirezaSeidavi, scienseDirect.com.